Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** Новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 126

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ АУЫЛ ИТТЕРІНІҢ ПАРАЗИТОЗДАРҒА ШАЛДЫҒУ ҚАРҚЫНЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНҒАН ПРЕПАРАТТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Боранбаев Е.

Иттердің үй малдарына тигізетін қауіптілі ертеден белгілі. Соңғы жылдары дәріленбеген иттердің есесінен жануарларда тіркелетін ауру түрлері (эхинококкоз, ценуроз, цистицеркоз және т.б.) жиілеуде. Бұның негізгі себебі нақтылы санының есепке алынбауы және уақтылы емдемеуі. Жыл сайын мемлекет қыруар қаржы бөліп, емдік заттарды сатып алуына қарамастан ауылдық иттердің барлығы дерлік дәрілеулермен қамтылмайды.

Елімізге сырттан әкелініп ветеринариялық дәріханалар жүйесі арқылы сатылатын дәрі-дәрмектердің түрлері сан-алуан. Оларды қолдану аясы әдетте қалалық аумақтан әрі аспайды, иттері бар ауыл тұрғындарының көпшілігі біле бермейді.

Осыны ескере біз ҚР АШМ қарамағындағы «Республикалық зертхана» паразитология бөлімімен бірлесе шетелдерден сынақтауға түскен Эффитикс, Превентеф, Дуовин, Превентик, Эндогард (Франция), Квантум (Ресей) Вермикат (Алмания) препараттарын иттердің эндоэктотоғышарларына қарсы қолдануды мақсат қойдық. Аталған препараттардың экстенстиімділігі нұсқаулыққа сәйкес дозаларда барлығы 46 итте жүргізілді.

Алдын ала жүргізілген лабораторлық жағдайда иттердің нәжіс сынамаларын зерттеулер нәтижесінде токсокароз (ЭИ=26%, ИИ=2-19 дана), токсаскаридоз (ЭИ=33%, ИИ=2-7 дана), тениидоздармен (ЭИ=23%, ИИ=3-7 дана) залалданғандары және триходектоз және стеноцефалез (ЭИ=75,0%, ИИ=9-27 дана) қоздырушыларымен дерттенгендері анықталды.

Препараттарды қолданғаннан кейін 7-10 тәулік өткендегі қайта зерттеулердің нәтижесі бойынша Эффитикс - 92%, Превентеф ЛА - 92%, Дуовин - 95%, Превентик - 95%, Эндогард - 91%, Квантум - 96% және Вермикат 98% экстенстиімділік көрсетті.

Қорытындылай келгенде, иттерді ішкі және сыртқы тоғышарлардан сақтандыру мақсатында жылына кем дегенде 2 рет жоғарыдағы көрсетілген препараттарды қолдана дәрілеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Ғылыми жетекшісі: в.ғ.д., доцент Б.К. Ибраев